

Шетелдегі жер қойнауын пайдалануға салық салу тарихы

М. Төлегенов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Мақала жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен алымдарын алудың тарихына арналады. Осы салықтардың шығуы мен әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде оларды қолданудың тарихы қарастырылады.

Бастапқы Византиялық ғасырда VII ғ. дейін тікелей салықтардың 2 түрі болған. Олардың ішінде: жер салығы, жанбасылық алым, әскерді қамтамасыз ету салығы, жылқыны сатып алуға салық, әскери борыштан босатылу үшін салық, тауарды сату үшін баж төлемі (10-12%), мемлекеттік актілерді беру үшін баж төлемі және басқалары /1/.

Византияда көп көлемде төтенше салықтар болған, мысалы: флотты құру үшін, әскери сарбаздарды асырау үшін және басқалары.

Кейінгі ғасырларда Ресейдің қаржы жүйесі қалыптаса бастаған. Қазынаның негізгі көзі болып алым-салық табылады. Бұл басында тұрақты емес, ал соңғы кезде неғұрлым жүйеленген тұрақты тікелей салық.

Алым-салық екі тәсілімен алынған: арбамен немесе жүкпен – оларды Киевке әкелгенде және адаммен – феодалдар немесе олардың сарбаздары алым-салыққа өздері барған кезде.

Жанама салық салу сату немесе сот баждары түрінде болған.

«Мыт» бажы - тау күзетінен тауарды өткізген үшін төлем; «перевоз» бажы – тауарды өзеннен өткізген үшін; «гостинная» - нарықты ұйымдастырған үшін төлем; «вес» және «мера» баждары тауарды таразыға тарту және өлшеу үшін алына-тын төлем.

Қазіргі мемлекет Еуропада, XVI – XVII ғасырларда, жаңа тарихтың бастапқы кезеңдерінде пайда болған. Бұндай мемлекетте әлі де салық болмаған, сондықтан, парламент үкіметке төтенше салықтарды енгізу және алуға дүркіндік рұқсат беретін.

Алайда, салық төлеушілері болып үшінші қатарға жататын адамдар табылады, яғни, олар, ауыл тұрғындары мен қалада тұратын байларға жатпайтын адамдар /1/.

Салық құқығы, тұрақты түрде, салықтық ауыртпашылықты бөлу, әрбір дискуссияның қай-

наған ортасы.

Тек қана XVII ғасырдың аяғында – XVIII ғасырдың басында, Еуропа елдерінде әкімшілік мемлекет қалыптаса бастады. Мұндай мемлекетке басқару органдары және біргелкі және үнемді салық жүйесі құрылады. Салық жүйесі тікелей және жанама салықтардан тұрады. Жанама салықтардың арасында маңызды рольді акциз атқара бастады. Алайда, ол қаланың шетінде, шығарылатын және кіргізілетін тауалардан алынған. Кейбір кезде салық тек қана қалаға әкелінетін тауарларға салына-тын, яғни экспортқа кететін тауарлар салықтан босатылатын. Акциздің мөлшері 5% бастап 20% арасында болған.

Салық алудың мөлшеріне қандайда бір ғылыми дәлелдеме болған жоқ.

Тұтыну заттарына салық – ірі кірістердің көзі, бірақ, олар сатудың дамуына кедергі әкелетін. Тікелей салықтардың арасында негізгі салықтар болып жанбасылық салық және пайдаға салық табылды.

Олардан дворяндар мен рухани мекемелері босатылған. Бірақ, буржуазия мен қарапайым шаруашылар, мемлекетке өздерінің барлық киритерінің 10-15% тікелей салықтар ретінде табыстаған.

Салық салу теориясының жоқтығы, практикалық шаралардың дәлелсіздігі көбінесе ауыр жағдайларға әкелетін. Тек қана XVIII ғасырдың аяғында Еуропада кең көлемде салық салудың теория мен практика мәселелері әзірленген. Оның негіз салушысы деп шотланд экономисті және философы А.Смитті айтуға болады.

А. Смит ұсынған салық салудың классикалық принциптері бүгінгі салық салудың негізі болып табылады.

Жерді пайдаланудың құрылымдық ерекшеліктері оның табиғат ресурстары арасындағы орнын анықтап береді. Ол қоғам мүшелерінің әл-ауқатының бастапқы материалдық негізі, адам-

дарды қоныстандырудың және өндірістік күштерді орналастырудың кеңестік базисі әрі барлық экономикалық өсім факторының – еңбек, материалдық-техникалық және табиғи ұдайы өндірістік процестердің қалыпты жүзеге асуының негізі болып табылады. Тарих В. Петти формуласының дұрыстығын көрсетті, оның ойынша: «еңбек-заттай байлықтың атасы, ал жер-анасы».

Құрал ретінде жер өндірісінің, әсіресе, өндірістің қолдан жасалған құралымен салыстырып қарағанда өзіндік ерекшелігі болады.

Біріншіден, жер-табиғаттын өнімі, сондықтан да бастапқы жағдайда оның құны болмайды, өйткені оны жасайтын адам еңбегіне жұмсалатын шығын жоқ. Өндірістің басқа құралдары адам еңбегімен жасалғандықтан, олардың құны болады.

Екіншіден, өндірістің қолдан жасалған құралы физикалық тозуына қарай ұдайы өндірілуі мүмкін. Жердің топырақ жамылғысы да жаңғыртылатын табиғи ресурс болып табылады, алайда оны табиғи жолмен қалпына келтіру үшін жүздеген жылдар қажет. Бұл мынаны білдіреді: келешекте бүлінген топырақ қабаттары қарқынды шаруашылық қызметке жарамсыз болады. 2,5 см қалыңдықтағы топырақ қабатының қалпына келуі үшін 300-000 жыл керек, ал 18 см егістік қабатының қалпына келуі үшін 2-7 мың жыл қажет болады екен. Бұл жерді және жаңғыртылмайтын табиғи ресурстарды қолдануды жоспарлауда тәсілдемелердің салыстырмалылығына себепкер болады /2/. Жерді дұрыс пайдалану, үнемдеу және оны қорғау оның биологиялық әлеуеті мен өнімділігін бұрынғы қалпында ұстауға мүмкіндік беріп қана қоймай, оны айтарлықтай тыңайтады да.

Үшіншіден, жердің өндіріс заты ретіндегі айырмашылығы өндіріс үрдісінде зат функциясы мен еңбек құралының үйлесуі болып табылады. Сонымен қатар, жер өндіріс үрдісінде табиғи ресурс ретінде ғана емес, сондай-ақ өзіндік шикізат ресурсы да болып табылады. Адам топырақты өңдей отырып, өндірістің басқа құралдарымен ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Бұл жағдайда жер еңбек заты. Адам топырақтың физика-химиялық қасиетін ескеріп, қолдана отырып өсімдіктер егінінің қалыптасуына әсер етеді. Мұнда жер еңбек құралы болып табылады.

Төртіншіден, жерге еңбек құралы мен заты ретінде де альтернативті ресурстардың болмауында алмастыруға келмеушілік тән.

Жер ресурстарының өндіріс құралы ретіндегі сипаттамасында маңызды орынға аймақтық пен территориалды аспектілер ие. Біріншіден, әр түрлі аймақта орналасқан жер учаскелері топырақ құрамы, климат, жер бедері, су ресурстарымен қамтамасыз етілуі сияқты табиғи ерекшеліктерімен си-


патталатын өнімділігімен ажыратылады. Мұндай айырмашылық қосымша кірістің жақсы жерлерде дифференцирленген рентаның пайда болуының негізі болып табылады, ал ол өз кезегінде ауыл шаруашылығында шаруашылық қызмет нәтижесіне әсер етіп, ауыл шаруашылық емес жер пайдаланушылармен қатынасты реттеуді ескеруді талап етеді. Екіншіден, жер ресурстары шектелген және оларды кеңейтуге болады. Үшіншіден, жер учаскелері нақты бір аймақпен байланысты, және оларға тұрақты орын алу тән. Өндіріс құралдарының жасанды шығуының көпшілігіне мобильділік тән, оларды кеңістікте орналастыруға болады.

Салықтардың көмегімен мемлекет елде өндірілетін өнімнің бір бөлігін жинайды, және содан соң оны мемлекеттік шығыстар арқылы қайта бөледі. Ішкі жалпы өнімнің көрсеткіші жоғары болған сайын бюджеттің мүмкін болатын жиынтық кірістері мен шығыстары да жоғары болады. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) сөйтіп, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

ЖІӨ пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан, мемлекеттің аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде тұтыну, экспортқа шығару және жинақтау үшін өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің (яғни түпкілікті тұтынуға арналған) нарықтық құнын білдіреді. Бүгінгі күні ЖІӨ ұлттық экономиканың басты индикаторы болып табылады. Қазақстан Республикасының ішкі жалпы өнімі абсолюттік шамасы бойынша салыстырмалы түрде жоғары емес, алайда даму қарқыны әсер алуға тұрарлық.

Бүгінгі күні экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші жан басына шаққандағы ЖІӨ болып табылады. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан дамыған елдердің көпшілігінен артта қалып тұрғанымен, алайда Қытай мен Бразилияны қоса алғанда, көптеген дамушы елдерді басып озады.

Бюджеттік үдерісті көрсететін тағы бір маңызды экономикалық көрсеткіш елдің экономикасына фискальдық жүктеме болып табылады. Экономикаға іс жүзіндегі салық жүктемесі деп мемлекеттің пайдасына елдің ЖІӨ-сіне шынайы түрде төленген міндетті төлемдердің үлесі түсініледі, басқаша айтқанда, бұл мемлекеттің салық алымдарынан түсетін кірістері шамасының ішкі жалпы өнімнің шамасына қатынасы. Фискальдық жүктеменің шамасы жоғары болған сайын пайданың елеусіздігіне байланысты экономикаға инвестиция құюға деген ынталылық та төмен. Басқа жағынан алғанда, жүктеменің жоғары емес көрсеткіші мемлекеттің жеткілікті дәрежедегі күшті әлеуметтік саясатты жүргізге алмайтындығы туралы айтады /4/.



1-сурет. Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша ЖІӨ, 2010 жыл

Жердің өндіріс заты ретіндегі функциясын жақсартудың маңызды міндеті оның құнарлығын, өнімділігін жоғарылату болып табылады. Құнарлықтың түрлері: табиғи, жасанды және экономикалық. Табиғи, жасанды құнарлық 1000 жыл ішінде жүріп жататын геологиялық, климаттық, топырақ өндіруші үрдістердің нәтижесі болып табылады. Табиғи құнарлықтан, яғни топырақта қоректік заттардың, ылғалдылықтың болуынан, олардың ауыл шаруашылық өсімдіктер үшін сіңімділігіне өнімнің шығымдылығына байланысты болады.

Топырақтың табиғи құнарлығын жүзеге асыру адамның өзіне, агроәдениет деңгейіне, өндіргіш күштердің дамуына байланысты. Осы факторларды пайдалану жердің бастапқы табиғи құнарлығын көбейтуге әсер етеді. Толығымен антропогенді әсерге байланысты қосымша құнарлық жасалады. Бұл құраушы құнарлық К. Маркспен жасанды ретінде анықталған.

Табиғи мен жасанды құнарлықтың жиынтығы жердің биомассасының өсімділік мүмкіндіктерін көрсететін экономикалық құнарлықты түзеді. Мөлшерлік экономикалық құнарлық дегеніміз өндірістегі ауыл шаруашылық өнімнің аудан бірлігіндегі өнімділікті білдіреді. Әдетте, экономикалық құнарлықты жасанды құнарлықтың есебінен көбейту туралы айта отырып, ауыл шаруашылықта өндіріс құралдарын жасау маңыздылығы туады. Осыған орай егін өсіру мәдениетінің жалпы деңгейінің мәнін айта кету керек. Ғылыми білім мен ауыл шаруашылықтың практикалық тәсілдерінің жиынтығы ретінде егін өсіру мәдениеті қазіргі кезеңде маңызды рөл атқарады, тек соның жоғары деңгейінде ғана әр шаруашылықта табиғи құнарлықты тиімді пайдалануға және осы негізде өндірістік күштердің-экономикалық құ-

нарлықтың тиімді дамуына қол жеткізуге мүмкіндік туады. Бұған елдің тәжірибелі берілетін шаруашылықтардың өнімділігі, көрші шаруашылықтардағы сәйкес құнарлығы бар жер, бірақ егін өсіру мәдениеті төмен деңгейлі шаруашылықтардан 2-3 есе жоғары болатыны дәлел.

Берілген ғылымдар жердің құнарлығының жоғарылауын көрсетеді. Өсімдіктердің жаңа түрлерін, өнімділікті дамытудың тиімді шарттарын қамтамасыз ете отырып құнарлықты 4-15 есеге көтеруге болады. Ол үшін лимиттелуші факторларды жүйелі түрде жоя отырып, жағымды экологиялық жағдайларды тауып жасау.

В.В. Докучаевқа дейін топырақты жеке қасиеттері бойынша жіктеді: химиялық құрамы, топырақ түзетін жынысы б.т. В.В. Докучаев топырақ түзуші факторлар кешенінде негізі қаланған, топырақтың сипаттық қасиеттерін және таралу заңдылықтарын анықтайтын топырақтың генетикалық жіктелуін өңдеді. В.В. Докучаевтың жіктеуінде топырақтың генетикалық типтері (тундралық, күлгіндеу, сұр, орманды, қарашірінді, қоңыр, сортаң және т.б. топырақтар) 3 басты класқа біріктірілген: калыпты (белдеулік), өтпелі (интрабелдеулік) және бейқалыпты. Топырақтың әр генетикалық түрі белгілі бір табиғи белдеуге сәйкес келеді. В.В. Докучаевтың жіктеуі әрі қарай оның шәкірті Н.М. Сибирцевпен дамытылған болатын.

Ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің жалпы үлес салмағы елдер бойынша: ТМД-27%, АҚШ-53%, Канада-7%, Бразилия-28%, Аргентина-65%, Қытай-40%, Жапония-6%, Үндістан-60%, ГФР-50%, Франция-63%. Бұл айырмашылық олардың (әр түрлі елдердің) табиғи климаттық жағдайларымен түсіндіріледі (суық және жылы климат, шөл, таулы және т.б.)

Ауыл шаруашылығына пайдалы жердің динамикасына толып жатқан процестер өз әсерін тигізеді: ғылыми-техникалық прогрестің шапшаң қарқыны, урбанизацияның өсуі, қолайсыз табиғи факторлар, жаңа территорияларды игеру, аграрлық жер құрылымының өзгеруі және т.б. Өнеркәсіптердің, инфрақұрылымның және қалалардың дамуы пайдалы жердің көбісін кәсіпорындардың, су электр станцияларының, кен өнеркәсіптері объектілерінің, көлік коммуникациясының, тұрғын үй массивтерінің және т.б. иеленуіне алып келеді. Сонымен бірге жердің көп бөлігінің су және жел эрозиясына ұшырауы, шаң бұрқасынның, сай-салалардың, қуаншылықтың пайда болуы, жердің сортаңдануы, батпаққа айналуы жер ресурстарының кемуіне және олардың құнарлығынан айырылуына әкеп соқтырады.

Жер жағдайының нашарлауы ауыл шаруашылық жұмыстарының қарқының ұдайы арттыруға, жерге салынатын салмақты күрт өсіруге ықпал етіп отыр. Ауыл шаруашылығында қуатты машиналарды, тыңайтқыштар мен ұлы химикаттарды пайдалану күннен күнге артып келеді, оның үстіне аграрлық техниканың күрделі құрылымы да жер жағдайын қиындатады. Осылардың салдарынан жерге шектен тыс салмақ түсіп отыр.

Көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығына жарамды жердің көлемі тарылып барады. Мәселен, АҚШ-та пайдалы жердің көлемі 1960 ж 540 млн га-дан 1990 жылы 492 га-ға дейін, ал Жапонияда 7-ден 5,6 млн га-ға дейін, Францияда 39-дан 35 млн га-ға дейін, ГФР-да 14-тен 12 млн га-ға дейін, Италияда 22-ден 20 млн га-ға дейін кеміген. Халық санының өсімінде бұл өнеркәсіптердің, көліктің, қалалардың өсу есебінен жердің орташа қамтамасыз етілу деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Бүгінгі таңда халықтың жан басына орташа есеппен 0,28 га егістік жерден келеді екен. Жекелеген елдер бойынша: жан басына шаққанда ТМД-да 0,81, АҚШ-та 0,63, Қытайда-0,16, ГРФ-0,15, Ұлыбританияда-0,13, Жапонияда-0,04 га-дан келеді екен. Әлемде қосымша пайдалануға болатын алаңдар бар, бірақ олардың сапасы төмен, өйткені ауыл шаруашылығына қажетті шұрайлы алаңдар бос емес, әрі бұл алаңдардың көлемін кеңейтудің мүмкіндіктері шектеулі.

Ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің жетіспеушілігін, оны қарқынды пайдалануымен, оның өнімділігін арттыру арқылы бұл олқылықтың орнын толтыруға болады. 1987 жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдың өнімділігі АҚШ-та 47 га\центнерді, дамыған еуропалық елдермен Жапонияда 50-60 га\центнерді, Шығыс Еуропа елдерінде 40-50 га\центнерді, Қытайда-39 га\центнерді, Аргентинада-22 га\центнерді, Бразилияда-16 га\центнерді, Үндістанда-13 га\центнерді, ал КСРО-да 1,8 га\центнерді құрады./2/.

Тұтастай алғанда ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру өсіп келеді. Мәселен, 1950 жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдан 700 млн теңге, ал 1987 жылы 1848 млн теңге жиналды. Индонезия, Тайланд, Бангладеш, Филиппин, Мексика секілді елдердегі «Жасыл революцияның» нәтижесінде астық, күріш жиын-теріні көп артқан.

Бұл елдерде ауыл шаруашылығын, селекцияны (іріктемені) және түсімділікті үйіп-төгіп мол етіп беретін тыңайтқыштарды қолдануы, топырақты құнарландыру мәдениетін арттыруды қарқындыру жөніндегі, сондай-ақ тракторларды және басқа да машиналарды пайдалану бойынша шаралар қабылданды («Сұр революция»). Ауыл шаруашылығын қарқындыру көп шығынды қажет етеді. Тағамның қосымша құнарлығына қол жеткізу үшін өндірісіке шамамен 10 ккал жұмсау керек, тыңайтқыштар, ауыл шаруашылық машиналары қажет және олар жұмыс істеуі тиіс, меморацияны (топырақты күтіп-баптау жиынтығы) және тағы басқа орындау керек.

Әдебиеттер

- 1 Бекболсынова А. Налоговая система: исторический аспект //Правительственный вестник. – 2008. – № 10. – С. 70–73.
- 2 Нурумов А. Проблемы распределения налогового бремени в экономике //Саясат. – 2006. – № 4. – С. 37–39.
- 3 Афанасьев В.Н. Малый бизнес: проблемы становления: уч.пособие.- М.: Юнити, 2005 -550 с.
- 4 Карагусова Г. Л. Налоги: сущность и практика использования. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 321 с.

М. Толегенов

История налогообложения недропользователей в зарубежных странах

Статья посвящена истории налогообложения недропользователей, изучены особенности налогообложения недропользователей ведущих стран мира, приводится сравнение.

M. Tolegenov

History of taxation of land users in foreign countries

The article is devoted to the history of taxation of leader countries of the world, author compares the systems of these countries.